

**6D011300 —«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісі биология ғылымдарының докторы, профессор Кужантаева Женис Жунисбекқызының**

### **ШКІРІ**

Көкөністерді зардаптайтын саңырауқұлақ түрлерінің және басқа да факторлардың әсерінен өнім түсімі мен сақтау мерзімі жылдан-жылға азаюда. Қазіргі таңда саңырауқұлақ түрлерін генетикалық-молекулалық әдістер арқылы зерттеу кең орын алған. Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтап, күресу шараларын жасау өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда дамыған елдерде ауру тудырушы саңырауқұлақ түрлерімен күресу шараларының көпшілігі дәрілік өсімдіктерден бөлініп алынған эфир майларының әсерін зерттеуге бағытталған. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде, олардың зерттеушілік біліктігін қалыптастыруда, ғылыми – зерттеу жұмыстарында жаңа бағыттар бойынша өз бетінше жұмыс істей алу қабілеттілігін арттыруда оқу үдерісінде қолданудың маңыздылығы жоғары.

Н.Н.Салыбекованың диссертациялық жұмысы көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеуге және зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда білім беру үдерісінде қолдануға арналған. Докторант жұмыс барысында нақтылы мақсаттар қойып, міндеттерді шеше білді.

Ғылыми – зерттеу және эксперимент жұмыстары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Биология кафедрасы мен Ақдениз университетінің (Түркия) ғылыми-зерттеу орталығында жүргізілді.

13 көкөніс түрінен бөлініп алынған 55 ауру қоздырушы саңырауқұлақ түрінің биоэкологиялық ерекшеліктері нақтыланды. Түрлердің таза екепелік ерекшеліктерін, микроскоптық талдаулары мен макро-, микроморфологиялық сипаттамаларын, таралу ерекшеліктерінің зерттеу нәтижелері алынды. Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарға қарсы фунгицидтермен қатар, дәрілік өсімдіктерден бөлініп алынған эфир майларының әсеріне зерттеу жүргізілді. *Alternaria brassicae* (Berk.) Sacc., *Fusarium equiseti* (Corda) Sacc., *Alternaria alternata* (Fr.) Keissl., *Penicillium aurantiogriseum* Dierckx түрлеріне ПТР сынау жүргізіліп, ДНҚ секвенирлеу және кластерлік талдау жасалып, түрлері нақтыланды.

Н.Н.Салыбекованың жүргізген ғылыми зерттеулері мен алынған нәтижелерін болашақ биолог мамандарды дайындауда білім беру жүйесінде қолдануда, білімгерлердің зерттеушілік біліктігін қалыптастыруда,

ауылшаруашылық өнімдерін қорғауда маңызы өте зор. Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша «Фитопатология» элективті пән бағдарламасы мен «Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік нұсқаулық дайындалып, оқу үдерісіне енгізілді.

Диссертацияның негізгі мазмұны отандық және шетелдік конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланды.

Н.Н.Салыбекова өзінің еңбекқорлығымен қатар инновациялық технологиялар мен белсенді әдістерді қолдану шеберлігін көрсетті.

Қорыта айтқанда, Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның 6D011300 – «Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай толық зерттеулер жүргізілген өзіндік квалификациялық еңбек болып табылады. Ұсынылып отырған PhD докторлық диссертация бойынша орындалған жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген талаптарына сай келеді және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан құрылған 6D010000–Білім беру (жаратылыстану ғылымдары) мамандықтары бойынша диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынуға болады.

**Пікір беруші:**  
**Қазақ мемлекеттік қыздар**  
**педагогикалық университетінің**  
**профессоры, биология**  
**ғылымдарының докторы**



Қолы **Ж.Ж. Кужантаева**  
Подпись  
Рәстаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы  
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета